

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№12 жалпы білім беретін мектебі

Бекітемін:
Мектеп директоры:
_____ Р.Жунускулова
« 02 » 09 » 2025ж

МЕКТЕБІМ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

(1-қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын)



2025-2026 оқу жылы

«Мектебім – мейірім мекені»

Фанфар

Жүргізуші :

Өмір бойы мектебімді,жыр етем,
Бір өзінде бақыт, білім,берекем
Шәкіртерің өрістесін,өрлесін
Құтты болсын «Білім күні»мерекен.

Армысыздар, құрметті ұстаздар, ата-аналар, қадірлі қонақтар!
Білім күні – барша ұстаздар мен шәкірттердің, ата-аналардың, күллі
қазақстандықтардың ортақ мерекесі. Бүгін мектебіміздің табалдырығын
алғаш аттап отырған бүлдіршіндерімізді қарсы алып, жаңа 2025–2026 оқу
жылын салтанатты түрде ашқалы тұрмыз!

Жүргізуші :

Иә, бұл күн – мектеп қабырғасындағы әрбір оқушы үшін ерекше сәт. Жаңа
достар, жаңа жетістіктер мен жаңа белестер күтіп тұр. Бүгінгі мерекеміз
«Мектебім – мейірім мекені» деп аталуы тегін емес. Өйткені мектебіміз – тек
білім беретін орда ғана емес, достық пен сыйластықтың, мейірім мен
қамқорлықтың ошағы.

Жүргізуші :

Биылғы оқу жылының ерекшелігі – елімізде білім саласын дамытуға
бағытталған «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Бұл
бағдарлама жас ұрпақты адалдыққа, еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке
тәрбиелеуді мақсат етеді. Жаңа оқу жылында осы бағдарлама аясында
мектебімізде түрлі жобалар, кездесулер мен тәрбиелік іс-шаралар
ұйымдастырылатын болады.

Жүргізуші :

Бүгін ең басты қуаныш иелері –Мектеп табалдырығын алғаш аттағалы
отырған бүлдіршіндерді алғашқы ұстаздарымен бірге ортаға шақырамыз.

1-Жүргізуші: 1 «А» сыныбы. **Сынып жетекшісі** Сарсекова Эльмира
Тураровна

2-Жүргізуші: 1«Ә» сыныбы. **Сынып жетекшісі** Егембердиева Феруза
Турисбековна

1-Жүргізуші: 1 «Б» сыныбы. **Сынып жетекшісі** Бохаева Алия
Курмантаевна

1-Жүргізуші: 1 «В» сыныбы. **Сынып жетекшісі** Дабранбекова Зарина

Амзеевна

Жүргізуші:

Тарихы терең қазақ деген көне елде,
Ел белгі де ерлік, өрлік, өнерде.
Жаһандағы ең жауынгер халықта,
Кім сенеді ту болмады дегенге.

Мазмұнына өрнегі жарасқан, тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін, -
дей отырып ҚР мемлекеттік туын кіргізу құрметі мектеп мұғалімі Әліппаев
Нұрмахан Тағабекұлы мен 11 сынып үздігі, үлгілі тәртібімен ұстаздарының
мақтанышы боп жүрген және де аудандық, облыстық байқаулар мен
олимпиадалардың жүлдегерлері, мектеп бітіруші түлектеріміз

1. Қанатбекұлы Бақдәулет
2. Нурланқызы Кәусар
3. Кенжехан Айша

**Мектеп шәкіртері. Түзел .Тік тұр .Ел туына сап түзендер. Қазақстан
Республикасының мемлекеттік туы әкелінсін.**

Жүргізуші

Таусылмаса жүректегі асқақ әнім,
Тек биікте самғатам жыр қыранын.
Азатпыз, Тәуелсізбіз, Еркінбіз! – деп,
Шырқайық ұлы Отанның әнұранын.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалсын.

Жүргізуші: Бүгінгі Білім күніне арналған салтанатты жиынымызға қатысушы
қонақтармен таныс болыңыздар!

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Жүргізуші:

Ендігі сөз мектебіміздің абыройын асқақтатып, шәкірттеріне бағыт-бағдар
беріп келе жатқан мектеп директоры, қадірлі ұстазымыз Жунускулова Роза
Алимбековна беріледі.

Жүргізуші:

«Маржан » би тобын шашу биімен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші.

Енді кішкентай жүректердің әуезді әнін тамашалайық.
«Әліппе» әнімен сахна төріне Дамирқызы Айша қызымызды шақырамыз!

Жүргізуші :

Биылғы оқу жылы еліміздің тарихында ерекше орын алатын мерейтойлармен күнды. Соның ішінде – ұлы ойшыл, дана акын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы!

Ортаға 8сынып оқушыларымызды шақырып, Абайдың шығармаларынан өлеңдер оқуға кезек береміз.

- 1.Айдар Аяла Абдирасилқызы
- 2.Абдикадир Сая Нұржанқыз
- 3.Тоқтар Айару
- 4.Тоқтар Назгүл
- 5.
- 6.

Жүргізуші :Келесі кезекте «Білім күні»ән шашу қабыл алыңыздар.

Орындайтын:Бақтыбай Қарақат ,Лахан Қасиет.

Жүргізуші. Ата-аналардың құттықтау сөзі

Бала – ата-ананың қуанышы, мектептің үміті, елдің ертеңі. Білім күні мерекесіне орай ата-аналар атынан да жүрекжарды лебізін тыңдасақ.

Жүргізуші:

Балалықтың балғын шағынан білім ордасына қадам басқан кішкентай бүлдіршіндеріміздің өлең шумақтарын қабыл алыңыздар!

(1-сынып оқушыларының құттықтаулары)

1 «А»сынып

Тоқтар Айару
Аханби Хансұлтан
Қойшыбай Жансая
Сапар Русхан
Төлбай Айзере
Тәжібай Алдина

1 «Ә»сынып

Нұрбек Айым Нұрболқызы
Рапбек Айтөре Қанатұлы
Дастан Жайна Арманқызы
Кенже Айназ Ғалымжанқызы
Илес Айзере Бауыржанқызы

1 «Б»сынып

Аманбай Айкерім (А.Құнанбаев Жүректе қайрат болмаса)
Әмірбек Сұлтан

Жаксылык Медина

Карман Ицкар

Канатұлы Әлихан

Жүргізуші. Қоңырау соғу рәсімі

Жүргізуші:

Келесі кезекте – барлығымыз асыға күтетін дәстүрлі рәсім. Жаңа оқу жылының басталғанын білдіретін қоңырауды соғу құрметі бірінші сынып оқушылары Абдулазиз Айсұлтан Даулетярұлы мен Илес Аружан мектеп мақтанышы Қанатбекұлы Бакдәулет Алаухан Асылзат.

Жүргізуші:

Мектебіміздің әнұраны қабылалыңыздар

Мектеп сап түзе ,тік тұр.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы салтанатты жиыннан шығарылсын.

Жүргізуші. Қорытынды сөз

Жүргізуші :

Қымбатты достар! Жаңа оқу жылы табысты болсын! Білім жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын! Әр шәкіртіміз биік белестерді бағындырсын деп тілейміз.

Жүргізуші 1:

Осылайша, «Мектебім – мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиынымыз аяқталды. Баршаңызға жаңа оқу жылында тек сәттілік серік болсын!

(Әуен ойнап, шара аяқталады.